

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым
министрлігі

Министерство
образования и науки
Республики Казахстан

Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ

ВКГТУ им. Д. Серикбаева

БЕКІТЕМІН
ЭжМ факультетінің деканы
_____ Е.В. Варавин
«_____» _____ 2011

КОРПОРАТИВТІ ҚАРЖЫ

Лекциялар конспекті

КОРПОРАТИВНЫЕ ФИНАНСЫ

Конспект лекций

Мамандығы: (050509) 5В050900 «Қаржы»

Өскемен
Усть-Каменогорск
2011

Лекциялар конспекті (050509) 5B050900 «Қаржы» мамандығы бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес Қаржы, есеп және салық салу кафедрасының отырысында талқыланды

Кафедра меңгерушісі

О.В. Куур

Хаттама № _____ 2011

Экономика және менеджмент факультетінің оқу әдістемелік кеңесінде қаралып, бекітілді

Комиссия төрағасы

Г.Ж. Жакенова

Хаттама № _____ 2011

Құрастырған:

Э.С. Мадиярова

Нормабақылаушы

А.Е. Касенова

МАЗМҰНЫ

| | | |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1 | Нарық қатынастары жағдайындағы корпоративтік қаржының мәні мен мазмұны | 3 |
| 2 | Корпорациялардың негізгі капиталы..... | 5 |
| 3 | Корпорациялардың айналым капиталы..... | 8 |
| 4 | Корпорациялардың өнімін өндіруге және өткізуге шығындар және оларды қаржыландыру..... | 11 |
| 5 | Корпорациялардың табысының құрылуы, бөлінуі және қолдану тиімділігі..... | 14 |
| 6 | Корпорациялардың меншікті капиталы..... | 17 |
| 7 | Корпорацияларды қаржыландырудың қарыздық көздері..... | 20 |
| 8 | Корпорация капиталының құны мен құрамы..... | 21 |
| 9 | Корпорацияның қаржысын жоспарлау..... | 26 |
| 10 | Корпорацияның қаржылық жағдайын бағалау және қаржылық тұрақтылыққа жету жолдары..... | 27 |
| 11 | Корпорациялардың қаржылық дәрменсіздігі және қаржылық сауықтыру..... | 29 |
| 12 | Корпорацияның қаржылық жағдайсыздығы..... | 32 |
| | Әдебиеттер тізімі..... | 35 |

НАРЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК ҚАРЖЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Корпорация (латын сөзінен алғанда) – біріккен қоғамдастық қоғам, одақ, тұлғалар тобын білдіреді. Ол капиталистік жүйеде кеңінен қолданылатын акционерлік қоғам формасы, қазіргі кезеңде монополиялық бірлестіктердің негізгі түрлеріне айналып отыр. Басқа бизнес ұйымдарымен салыстырғанда корпорациялардың айрықша белгілері – олар меншік иесіне тәуелсіз қызмет етеді.

Қазіргі нарықтық экономикада шаруашылық субъектілер арасына корпорациялар маңызды орынға ие болуда. Соңғы он жылдарды «экономиканың корпоративтік секторы» деген термин қазіргі заман бизнесінің экономикалық теориясы мен тәжірбиесіне кең түрде пайдалануда. Экономиканың нақты секторындағы жетеші орынды орынды корпорация алады.

Кәсіпорындар мен корпорациялардың қаржысы олардың шаруашылық қызметінің процесінде туындайтын және капиталды, кіріс пен ақша қорын қалыптастыру әрі оны пайдалану үшін қажет ақша қатынастарының жүйесі болып табылады.

Корпорациялар қаржысы – бұл корпорацияның негізгі және айналым капиталын, ақшалай қаражат қорларын қалыптастыру және оларды пайдалану процесінде пайда болатын қаржы немесе ақша қатынастары.

Корпорацияның қаржылық қатынастарын экономикалық мазмұнына қарай келесі бағыттарда топтастыруға болады:

- корпорацияны құру сәтінде жарғылық капиталды құрумен байланысты құрылтайшылар арасында пайда болатын қатынастар;
- өнімді (тауарды, жұмысты және қызметті) өндірумен байланысты корпорация мен ұйымдар арасындағы қатынастар;
- корпорация мен оның бөлімшелері арасындағы қатынастар;
- табыстарды бөлу және пайдалану, акциялар мен облигацияларды шығару және орналастыру, сыйақылар мен дивидендтерді төлеу және т.с.с. барысында корпорация мен қызметкерлер арасындағы қатынастар;
- корпорация мен жоғарғы ұйымдар, корпорацияның мүшелік ететін одақтар мен ассоциациялар арасындағы қатынастар;
- корпорация мен мемлекеттің қаржы жүйесі арасындағы қатынастар;
- корпорация мен банк жүйесінің арасындағы қатынастар;
- корпорация мен сақтандыру компанияларының арасындағы қатынастар;
- корпорация мен инвестициялық институттар арасындағы қатынастар.

Корпорация қаржысының мәні оның атқаратын қызметтерімен айқындалады. Корпорациялар қаржысы келесідей қызметтерді орындайды:

- ұдайы өндірістік;
- бөлу;
- бақылау.

Кәсіпорын мен корпорацияның қаржысын ұйымдастыру принциптері оның қызметінің мақсаттарымен және міндеттерімен тығыз байланысты.

Корпорацияның қаржысын ұйымдастыру принциптері не төмендегілерді жатқызуға болады:

- шаруашылық қызметті өзін-өзі реттеу;
- өзін-өзі өтеушілік және өзін-өзі қаржыландыру,
- айналым қаражатын қалыптастыру көздерін меншік және қарыз бойынша бөлу;
- қаржы резервтерінің болуы.

*Өзін-өзі реттеу принципі*нде – корпорацияға қолда бар материалдық, еңбек және қаржы ресурсының негізінде өндірістік және ғылыми-техникалық даму жөнінде шешім қабылдауға, сондай-ақ оны іске асыруға толық дербестік беріледі.

Өзін-өзі өтеу принципі - корпорацияны дамытуға салынған қаражат таза пайданың және амаортизациялық аударымының есебінен өтелуге негізделеді. Осы қаражат корпорацияға тиесілі меншік капиталдың барынша төмен шамадағы нормативтік экономикалық тиімділігін қамтамасыз етуге тиіс.

Өзін-өзі қаржыландыруда жұмыстың пайдалылығы ғана емес, сонымен бірге жай шектеліп қалмай, керісінше, кең салалы ұдайы өндірісті де қамтамасыз ететін қаржы ресурстарымен, сондай-ақ бюджеттік жүйесінің кірісін де коммерциялық негізде қалыптастыра алдады.

Айналым қаражатын қалыптастыру кезінде меншік және қарыз қаражатқа бөлу - шаруашылықтың жекелеген салаларында өндіріс технологиясымен және оны ұйымдастыру ерекшеліктеріне байланысты. Өндірісі науқанды сипаттағы салаларда айналым қаражатын. Қалыптастыруда қарыз көздерінің үлесі артуда. Өндірісі науқандық емес сипаттағы салаларда айналым қаражаты құрылатын көздер құрамында көбінесе меншік айналым қаражаты басым.

Қаржы резервін құру нарық жағдайы ықтимал ауытқитын, сонымен бірге өз міндеттемелерін орындау үшін әріптестер алдында материалдық жауапкершілік артқан жағдайда корпорацияның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажет. Акционерлік қоғамда қаржы резерві корпорацияның жарғысына сәйкес таза пайдадан қалыптастырады.

Корпорациядағы қары жұмысын арнайы қызметі немесе бухгалтерия жүзеге асыраы. Қаржы қызметіне мына міндеттер жүктеледі:

- өндірістік-коммерциялық қызметті ақша ресурстарымен, яғни корпорацияның тұрақты төлем қабілетінің және оның баланысын өтімділікпен қамтамасыз ету;
- активтің меншік капиал мен сатудың кірістілігінің өсуін қамтамасыз ету;
- есеп айырысуды жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекеттің және әріптестердің алдындағы қаржы міндеттемесін орындау;
- жедел және ұзақ мерзімді қаржы жоспарын әзірлеу;
- ақша ресурстарының ұтымды қозғалысын бақылау.

Корпорацияның қаржы қызметі келесі үш негігі бағытта жүзеге асырылады:

1. Қаржыны жоспарлау.
2. Ақша айналымын басқару жөніндегі жедел қызмет.
3. Бақылау-талдау жұмысы.

Қаржыны жоспарлау – қаржы жоспарының сан алуан түрлерін әзірлеу және олардың орындалуын талдау.

Корпорация жедел қаржы жұмысына мына әріптестермен ақшалай өзара тұрақты қарым қатынастарды қамтамасыз етеді;

- материалдық құндылық пен қызметті жеткізушілермен (сатып алуды төлеу, өндірістік запасты басқару және т.б.);
- даяр өнім мен қызметті сатып алушылармен (төлем алу және дебиторлық берешекүті басқару);
- мемлекеттің бюджет жүйесімен
- қызметкерлермен (еңбекақы төлеу, әлеуметтік және дивиденд төлемі);
- банкілермен, сақтандыру компанияларымен, инвестициялық қорлармен және т.б.;
- талдап туындаған жағдайда сотпенг және т.б.

Бақылау-талдамалы жұмысына шорландырма және жергілікті бюджеттің орындалуын, капиталдың құрылымын, сонымен бірге негізгі және айналым қаражатының пайдалануын, сондай-ақ корпорацияның баланысын төлеуге қабілеттілігі мен өтімділігін бақылауды жүйелі бақылауды жүзеге асыру жатады.

Компания бюджеттерінің қаржы көрсеткіштері қаржыны бақылаудың маңызды объектісі болып табылады. Бюджеттің орындалуын бақылауды жүзеге асыру үшін екі деңгейлі жүйені пайдалану ұсынылады.

КОРПОРАЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ КАПИТАЛЫ

Негізгі капитал корпорациялардың барлық айналымынан тыс активтеріне инвестицияланған капитал бөлігін сипаттайды. Корпорацияның айналымынан тыс активтері ережеге сәйкес ұзақ мерзімді активтер болып табылады.

Ұзақ мерзімді активтер - өзі қолма – қол ақшаға айналдыру, сату және бір жыл немесе бір оперативтік цикл бойында пайдалану көзделмейтін активтер.

Ұзақ мерзімді активтердің құрамына келесілер жатады:

- материалдық емес активтер;
- негізгі құралдар;
- аяқталмаған құрылыс;
- ұзақ мерзімді қаржы салымдары.

Материалдық емес активтер – бұл өндірісте ұзақ мерзім бойына пайдалану үшін немесе тауларларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатуға, әкімшілік мақсатқа және басқа субъектіге жалға беруге арналған табиғи нысаны (мәні) жоқ ақшалай емес активтер.

Материалдық емес активтерге: лицензиялық келісімдер, компьютерлік бағдарламамен қамтамасыз етулер, патенттер, авторлық құқықтар, таура бегілері, қызмет ету белгілері, фирма атаулары, тәжірибелі – конструкторлық жұмыстар және т.б.

Негізгі құралдар – бұл материалдық өндіріс саласында, сондай – ақ өндірістік емес салада да ұзақ мерзім бойы (бір жылдан жоғары) пайдаланатын активтер. Осы негізгі құралдарға: жер, үйлер, ғимараттар, машиналар және құрал – жабдықтар, өлшеу және реттеу аспаптары және қондырғылар мен лабораториялық жабдықтар, есептеу техникасы, басқа да негізгі құралдар жатады.

Негізгі құралдардың есебін дұрыс ұйымдастырудың басты шарты оны жіктеу болып табылады.

1. Өндіріс процесіне қатысу сипатына байланысты негізгі құралдар өндірістік және өндірістік емес деп екіге бөлінеді.

Негізгі өндіріс құралдарына - өндіріс процесіне тікелей қатысатын объектілер жатады, олардың көмегімен өнімді әзірлеген кезде еңбек құралдарына (машина, құрал – жабдық, құрал – саймандар т.б.) әсер етуі жүзеге асады немесе өндірісті жүргізу үшін қажет материалдық жағдайын жасайды (ғимараттар, құрал – жабдықтар, өткізгіш қондырғылар).

Өндірістік емес негізгі құрал – жабдықтар – тұтынуға арналған құрал – жабдықтар. Олар ұжымның мәдени тұрмыстық (ғимараттар, тұрғын – үй коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау мүлкі, т.б.) қажеттіліктерін ұзақ мерзім бойы өтеуге арналған.

2. Иелігіне қарай негізгі құралдар – меншікті және жалға алған болып бөлінеді.

Меншікті – корпорацияға тиесілі және оның балансында көрініс табатын негізгі құралдар.

Жалға алынған құралдар – белгіленген мерзімге шарт бойынша басқа корпорациядан алынған негізгі құралдар.

3. Пайдалану сипатына қарай – негізгі құралдар жұмыс істеп тұрған және қор ретінде тоқтатылып қойылған негізгі құралдар.

Қолданыстағы жұмыс істеп тұрған негізгі құралдар, әрекет етіп тұрған болып саналады.

Жұмыс істемей тұрғандар – бұл жұмысы тоқталған немесе басқа жағдайларға байланысты уақытша пайдаланылатын негізгі құрал – жабдықтар.

4. Заттың құрамына қарай негізгі құралдар – мүліктік және мүліктік емес, болып бөлінеді.

Мүліктік (заттай) көрінісі бар, яғни санауға және өлшеуге болатындар (үйлер, ғимараттар, машиналар, жабдықтар) жатады.

Мүліктік еместерге – пайдаланылатын жер, орман, су ресурстары, яғни заттық нысаны жоқ шығындар жатады.

Негізгі құрал – жабдықтардың бастапқы, ағымды, баланстық, сату, жою, тозу, қалдық құндары болады.

Бастапқы (тарихи) құны – негізгі құралды сатып алуға немесе салуға кеткен нақты өндіріс шығындарынан, соған қоса өтелмеген салық пен алымдарын, сондай – ақ орнату, жеткізіп беру, монтаждау, пайдалануға қосу шығындары, несие үшін пайыздар, және т.б. шығындарынан тұрады.

Ағымды құн – бұл негізгі құралдардың белгілі бір мерзімдегі нарқтық бағасы бойынша бағаланған құны.

Баланыстық құн – бұл бухгалтерлік есепте және қаржылық есеп беруде көрсетілетін жинақталған тозу сомасын алып тастағандағы негізгі құралдардың бастапқы немесе ағымдық құны.

Сату (өткізу) құны – бірін – бірі жақсы білетін және мәлімеге келуге дайын тәуелсіз жақтардың (тараптардың) негізгі құралдарды өзара айырбасуына мүмкіндік беретін құн.

Жою құны – тиімді қызмет ету мерзімі байланысты негізгі құралдарды жою кезінде пайдалану мүмкіншілігі бар бағасы бойынша бағаланған бөлшектердің металл сынықтарының және басқа да материалдық құндылықтардың құны.

Амортизацияланған құн – негізгі құралдардың бастапқы және болжанған жою құндарының арасындағы айырмашығы, ал ол жүйелі түрде амортизациялық жолмен нормативтік қызметіне немесе барлық пайдалы кезеңіне субъектінің шығысы ретінде таратылады.

Негізгі құралдардың қозғалысын жаңару, істен шығару, айналым коэффициенттері, сондай – ақ негізгі құралдардың техникалық күй – жайын сипаттайтын коэффициенттер арқылы бағаланады.

1) Жаңару коэффициенті ($K_{ж}$)

$$K_{ж} = \frac{\text{НҚ жаңадан келіп түскен құнын}}{\text{НҚ жыл соңындағы құнына}}$$

2) Істен шығу коэффициенті ($K_{шт}$)

$$K_{шт} = \frac{\text{НҚ істен шыққан құны}}{\text{НҚ жыл бойындағы құнына}}$$

3) Негізгі қордың өсім коэффициенті ($K_о$)

$$K_о = \frac{\text{НҚ белгілі бір кезеңдегі немесе оның жекелеген топтарының өсімін}}{\text{НҚ жыл басындағы құны}}$$

4) Негізгі қордың айналым коэффициенті (K_a)

$$K_a = \frac{\text{АҚ жаңадан келіп түскен құны} + \text{НҚ істен шыққан құнын}}{\text{НҚ жыл басындағы құнына}}$$

Негізгі құралдардың техникалық күй – жайын сипаттайтын жалпылама көрсеткіштерге тозу коэффициентімен жарамдық коэффициенті жатады.

5) НҚ тозу коэффициенті (K_T)

$$K_T = \frac{\text{НҚ тозған құнын}}{\text{НҚ бастапқы құнына}}$$

6) Негізгі қордың жарамдылық коэффициенті ($K_{жарам}$)

$$K_{жарам} = \frac{\text{НҚ қалдық құны}}{\text{НҚ бастапқы құнына}}$$

Негізгі құралдардың тиімді пайдалануын сипаттайтын көрсеткіштер:

1) Қор қайтарымдылығы;

2) Қор сиымдылығы;

3) Қормен қарулануы

Қор қайтарымдылығы – негізгі өндірістік қорларды пайдалану тиімділігінің деңгейін сипаттайтын көрсеткіш жиынтығы. Өсімдердің саны сияқты 1 теңге немесе 1000 теңгеге өсірілген негізгі өндірістік қорлармен анықталады.

1) $K_к = \frac{\text{Өндірілген өнім көлемін}}{\text{НҚ орташа жылдық құнына}}$

$$2) K_{орт.жылд.құны} = \frac{K_{ж.б.к.} + K_{ж.о.к.}}{2}$$

Қор сиымдылығының төмендеуі қор қайтарымының өсуін бейнелейді және келесі формуламен анықталады.

3) $K_c = \frac{\text{НҚ орташа жылдық құны}}{\text{Өндірілген өнім көлеміне}}$

3) Қормен қарулануы – еңбектің негізгі өндірістік қорлармен жабдықталуы дәрежесін сипаттайтын көрсеткіш. Ол қорлардың жылдық орташа құнын өнеркәсіптік - өндірістік қызметшілердің орташа санына бөлінгендегі қатынаспен анықталады.

$$4) K_{\kappa} = \frac{\text{НК орташа жылдық құны}}{\text{Жұмысшылар санына}}$$

Жабдықтардың пайдалануын талдаған кезде, оның өндіріске тартылу дәрежесі – уақыт бойынша есептелінеді.

Жабдықтардың өндіріске тартылу дәрежесі мынадай көрсеткіштермен анықталады.

$$\text{Ж.өн.т.д.} = \frac{\text{Жұмыс істеп тұрған жабдықтардың соммасын}}{\text{Жаңадан орнатылған жабдықтардың сомасына}}$$

Жұмыс істеп тұрған жабдықтардың өнімділігін уақыт бойынша (экстенсивті) ал жабдықтардың қуаты бойынша есептелуі (интенсивті). Жабдықтардың интенсивті коэффициентін календарлық режимдік қордың пайдалану коэффициенті арқылы есептеу.

Жабдықтардың экстенсивті коэффициентін келесі көрсеткіштер сипаттайды.

- 1) Жабдықтардың саны;
- 2) Атқаратын құрал станогтары;
- 3) Жабдықтардың жұмысының сменалық коэффициенті.

Интенсивті коэффициентті сипаттайтын көрсеткіш құралдардың 1 сағатта шығарған өнім көлеміне есептеледі.

Экстенсивті коэффициенттің формуласы

$$\text{Экстенсивті коэф} = \frac{\text{Іс жүзінде атқарылған құрал сағаттарын}}{\text{Жоспар бойынша атқарылатын құрал сағаттары}}$$

$$\text{Интенсивті коэф.} = \frac{\text{Іс жүзінде жабдықтардың өнімділігін қуаты б/ша}}{\text{Жоспар бойынша жабд. өнімд. уақ. қуаты б/ша}}$$

$$\text{Интегралды коэф} = K_{\text{эст}} * K_{\text{интен}}$$

немесе

$$\frac{\text{Іс жүзіндегі өнім көлемін}}{\text{Жоспар бойынша өнім көлеміне}}$$

КОРПОРАЦИЯНЫҢ АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫ

Корпорацияның айналым капиталы – бұл корпорацияның ағымдағы активтерге, яғни айналым құралдарына (қаражаттарына) салған капиталының үлесі. Олар өндіріс процесіне бір-ақ рет қатынасады, өзінің сыртқы нысанын өзгертеді және өз құнын тұтас өнім құнына аударады.

Айналым қаражаты өзіне тән ерекшелікпен жоғары жылдамдықпен айналады. Өндіріс процесіндегі айналым қаражатының атқаратын функционалдық рөлді негізгі капиталдың рөлінен өте ерекшелінеді. Айналым қаражаты өндіріс процесінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

Айналым капиталы жоспарлау, есептеу және талдау тәжірибесінде келесі белгілер бойынша топтастырылады:

1) өндіріс процесіндегі функционалдыоқ рөліне байланысты - өндірістік айналым қоры және айналыс қоры;

2) бақылау, жоспарлау және басқару практикасына байланысты - нормаланатын айналым капиталы және нормаланбайтын қарыз капиталы;

3) айналым капитал қалыптасатын көзге байланысты - меншік айналым капиталы және қарыз айналым капиталы;

4) өтімділікке байланысты абсолютті өтімді қаражат, жылдам сатылатын айналым қаражаты, баяу сатылатын айналым қаражаты;

5) капиталды салу тәуекелінің дәрежесіне байланысты - салу тәуекелі бойынша аз айналым капиталы, салу тәуекелі шамалы айналым капиталы, салу тәуекелі орташа айналым капиталы, салу тәуекелі жоғары айналым капиталы;

6) материалдық-мүліктік маңызына байланысты - еңбек құралы даяр өнім мен тауар, есептердегі ақшалай қаражат пен құрал-жабдық.

Айналым қаражаты басқарылу дәрежесі бойынша нормаланатын және нормаланбайтынға бөлінеді.

Нормаланатын қаражатқа барлық өндірістік айналым қоры, сондай-ақ айналыс қорының корпорация қоймасындағы сатылмаған даяр өнімнің қалдығы түріндегі бөлігі жаиады.

Нормаланатын айналым қаражаты - корпорацияның қаржы жоспарында көрсетіледі, ал нормаланбайтын айналым қаражаты іс жүзінде жоспарланбайтын объект болып табылады.

Айналым қаражатын меншікті және қарыз қаражатқа бөлу корпорацияға тұрақты немесе уақытша пайдалануға берілген айналым қаражатының шыққан тегі мен оның нысандарын көрсетеді.

Меншікті айналым қаражаты корпорацияның меншік капиталы есебінен қалыптастырылады.

Қарыз айналым қаражаты банк және банк емес кредит, облигациялық қарыз, кредиторлық берешек және өзгеде көз нысанында қалыптастырылады. Ол корпорацияға уақытша пайдалануға беріледі. қарыз айналым қаражатының бір бөлігі ақылы, ал екінші бөлігі – тегін болады.

Айналым қаражатын қалыптастыру көзінің құрылымы;

- меншікті көзді;

- қарыз көзінен;

- қосымша тартылған көзді қамтиды.

Меншік айналым қаражаттары бастапқыда корпорацияны және оның жарғылық капиталын құру сәтін қалыптастырылады. Бұл ретте құрылтайшылардың инвестициялық қаражаттары меншікті айналым қаражаттарының көзі болып табылады. Одан әрі қарай кәсіпкерлік қызметтің даму дәрежесіне байланысты меншікті айналым қаражаттары табыстың есебінен толықтырылады.

Қарыз қаражаттарына банк несиелері, коммерциялық несиелер, кредиторлық қарыздар жатады.

Банк кредиті инвестициялық кредит немесе қысқа мерзімді несиенің нысанында беріледі. Банк кредиті негізгі және ағымдағы активті сатып алумен байланысты шығынды қаржыландыру, сондай-ақ кәсіпорынның маусым кезіндегі қажеттілігін, тауарлық-материалдық запасын уақытша ұлғайту, дебиторлық берешекті, салық төлемдерін, күрделі шығынды қаржыландыру үшін қажет.

Қысқа мерзімді несиенің үкіметтік мекеме, қаржы компаниясы, коммерциялық банк, факторингтік компания беруі мүмкін.

Инвестициялық кредиттің – үкіметтік мекеме, сақтандыру компаниясы, коммерциялық банк, андеррайтер, және инвестор беруі мүмкін.

Инвестициялық салық кредитін кәсіпорынға мемлекеттік билік органы кәсіпорынның салық төлемінің уақытын уақытша ұзарту түрінде береді. Кәсіпорын инвестициялық салық кредитін алу үшін өзі тіркелген жердегі салық органы мен кредит келісімін жасасады.

Қызметкерлердің инвестициялық жарнасы – қызметкерлердің экономикалық субъектінің дамуына белгіленген пайызбен салатын ақшалай жарнасы.

Айналым қаражаты өндіріс көлемін және өнімді сатуды кеңейтуді, жаңа өткізу нарықтарын, яғни кәсіпорын капиталы айналатын саланы басып алуды жоспарлы түрде және барынша ұтымды, сондай-ақ үнемді, басқаша айтқанда, айналым қаражатының аз мөлшерімен қамтамасыз етуі тиіс.

Корпорацияның айналым қаражатына қажеттілігі мына факторларға байланысты:

- өндіріс пен сату мөлшеріне;
- бизнестің түріне;
- қызмет ауқымына;
- өндірістің кезеңінің ұзақтылығына;
- корпорацияның есептік саясатына және есеп айырысу жүйесіне;
- корпорацияның шаруашылық қызметін кредиттеу шарттары мен тәжірбиесіне;

- материалдық – техникалық жабдықтау деңгейіне;
- тұтынылатын шикізаттың түрі мен құрылымына;

өндірістің және кәсіпорын өнімінің сату мөлшерінің өсу қарқынына:

- менеджерлер мен бухгалтерлердің және т.б шеберлігіне.

Корпорацияның айналым қаражатына қажеттілігін дәл есептеуді айналым қаражатының жоғарыда атап өтілген факторларға байланысты өндіріс саласында және айналыс аясында уақытын есептеуден бастау қажет.

Айналым қаражаттың өндірісте болатын уақыты өндірістің айналым қаражаты тікелей жұмыс істеу процесінде болатын уақытты: өндіріс процесінде жұмыс күшінің шығынын қажет етпейтін үзіліс уақытын: өндірістің айналым қаражаты запасы болатын уақытты қамтиды.

Айналым қаражаты айналыс аясында болатын уақыт- айналым қаражатының сатылмаған өнім қалдығы, кәсіпорын қассасындағы, банкідегі және шаруашылық жүргізуші субъектілермен есеп айырысуда шоттардағы ақшалай қаражат түрінде болатын уақытты қамтиды.

Айналым қаражаты айналымының жалпы уақыты- өндіріс саласында және айналыс аясында болатын уақыттан құралады. Ол айналым қаражатын тиімді

пайдалануға, кәсіпорын қаржысының жай-күіне ықпал ететін аса маңызды сипаттама болып табылады.

Айналым қаражаты айналымының жылдамдығы – айналым қаражатын өндірісте пайдалану деңгейін сипаттайды.

Айналым қаражаты нормативін есептеудің талдамалы, тура шотәдісі, коэффициенттік әдіс деген үш әдісі қолданылады.

Талдамалы немесе нормалаудың тәжірибелік –статистикалық әдісі өндірісті, жабдықтау мен өткізуді ұйымдастырудың қалыптасқан практикасында қолданылады. Осы әдіс қолданғандақ қолда бар тауарлық- материалдық құндылықты талдаған кезде оның нақты запасы нақтыланады және артық, қажет емес құндылық алынып тасалады.

Тура шот әдісінде корпорация техника мен технологияның дамуындағы, өндірісті ұйымдастыруда, тауарлық-материалдық құндылықты тасымалдау мен есеп айырысу саласындағы барлық өзгерісті қолдана отырып ұйымдастыру-техникалық деңгейге қол жеткізген жағдайда, айналым қаражатының әрбір элементінің запасының ғылыми негізделген есебі қарастырылады.

Коэффициенттік әдісте өтке кезенің жиынтық нормативтік өндіріс көлемінің жоспарлы өзгеруіне және қаражаттың айналымдылығын жеделдетуге түзету енгізілді.

Айналым капиталының тиімді пайдаланылуы айналымдылық көрсеткіштері арқылы анықталады. Айналым капиталының айналымдылығы айналым капиталының айналымдылық коэффициенті, айналым қаражаттарының бір айналымының ұзақтығы және айналым қаражаттарын бекіту коэффициенті сияқты көрсеткіштермен сипатталады.

Айналым капиталының айналымдылық коэффициенті өнім өткізуден түскен табыс пен ағымдағы активтердің арақатынасын сипаттайды және келесі формула бойынша анықталады.

$$K_{a.a}^a = T^N / A_{a.o.}^a,$$

мұндағы: $K_{a.a}^a$ – айналым капиталының айналымдылық коэффициенті; T^N - өнім өткізуден түскен табыс; $A_{a.o.}^a$ – ағымдағы активтердің орташа шамасы.

Ағымдағы активтердің бір айналымының ұзақтығы келесі формула бойынша анықталады:

$$Y^a = 360 / K_{a.a}^a = 360 / T^N / A_{a.o.}^a = 360 * A_{a.o.}^a / T^N.$$

Айналым қаражаттарын бекіту коэффициентінің формуласы мынадай:

$$K_o^a = A_{a.o.}^a / T^N.$$

КОРПОРАЦИЯНЫҢ ӨНДІРІСКЕ ЖӘНЕ САТУҒА ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫНЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Ұйым шарауашылық қызмет процесінде ақшамен бағалануы мүмкін ақшалай және өзге де шығын мен шығыс кешенін іске асырады.

Шығынды өтеу қарастыралды, ал шығысты өтеуді қарастырылмайды.

Шығын мен шығыс экономикалық мағанасы мен тағайындалуы боцынша төмендегі бірнеше топқа біріктіріледі:

1) негізгі және айналым капиталын ұдайы жаңғыртуға жұмсалатын. Бұл

шығын негізгі және айналым капиталын құрумен, қайта жаңартумен және кеңейтумен байланысты және кәсіпорынның меншікті қаражаты мен пайдасының есебінен жүзеге асырылақды;

- 2) өнім өндірісіне және сатуға жұмсалатын. Бұл шығын негізгі және айналым капиталын, сондай-ақ еңбек ресурсын тиісті мақсатта пайдаланумен байланысты; ол өнімді, жұмысты, қызметті сатудан түсетін түсіммен өтеледі;
- 3) әлеуметтік-мәдени бағдарламаларға жұмсалатын. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру, кадр даялау, қызметкерлерге тұрмыстық ызмет көрсетуге жұмсалатын шығын енгізіледі және ол кәсіпорынның меншікті қаражатынан немесе пайдандан өтеледі.
- 4) біржолғы шығыс .

Ұйымның барлық шығысы өзіндік құна кіретін мынадай шығын элементтеріне бөлінеді:

- материалдық шығын;
- еңбекақы төлеу шығыны;
- әлеуметтік қажетке аударылатын аударымының әлеуметтік салықты және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударымды қоса алғандағы аударым;
- амортизациялық аударым;
- өзге шығын.

Экономикалық мағанасы мен тағайындалуы бойынша өндіріске және өнім сатуға жатқызылатын шығын мен шығыс шығысы өзіндік құн деп аталады.

Өзімнің өзіндік құны – корпорацияның нақты өнімнің белгіленген мөлшерін өндірумен және сатумен байланысты барлық шығынын көрсететін экономикалық санат.

Өзіндік құн былайша бөлінеді;

- цехтық, оған жауапкершілік орталықтарының шығыны кіреді;
- өндірістік, оған өнім шығарумен байланысты барлық шығынның жиынтығы кіреді;
- сауда, ол өнім өткізу жөніндегі шығынды біріктіреді;
- толық, оған өнім өндірісі мен он сатуға жұмсалатын барлық шығын кіреді.

Өндірістен тыс шығын- өнімді сатумен байланысты шығын.

Бухгалтерлік есепті жүргізу ережесіне сәйкес шығыс жіктелімі бірінші топтан құралады, сонымен бірге шарт болуы және кәсіпорын нәтижесінің сомасы мен оның кемуі анықталуға тиіс.

Төмендегі талаптар сақталған жағдайда, бухгалтерлік есепте мыналар шығыс ретінде танылады;

- 1) шығыс нақты шартқа, заңнамамен нормативтік актінің талаптарына, іскерлік қатынас дәстүріне сәйкес жұмсалса;
- 2) шығыстың сомасы анықталуы мүмкін болса;
- 3) ұйым актив берген немесе активті беру қатысында белгісіздік болмаған жағдайда, нақты операцияның нәтижесінде ұйымның экономикалық пайдасының кемітініне шүбә келтірілмесе.

Ұйымның шығысы –активтің істен шығу нәтижесінде экономикалық

пайданың кемуі және қатысушылардың шешімі бойынша салымның кемуі қоспағанда, осы ұйымның капиталдының кемуіне әкеп соқтыратын міндеттемелердің пайда болуы танылады.

Кезең шығысына;

- 1) тауарлар сатуға жұмсалатын шығыс;
- 2) жалпы және әкімшілік шығыс;
- 3) пайцызға жұмсалатын шығыс жатады.

Тауар сату шығысына:

- 1) өткізу бөлімі қызметкерлерінің еңбекақысы;
- 2) өткізу бөлімі қызметкерлерінің еңбекақысынан заңнамада белгіленген норма бойынша -әлеуметтік медициналық сақтандыру органдарына аударылатын аударым;
- 3) өткізу бөлімі қызметкерлерінің іссапарына жұмсалатын шығыс;
- 4) сату процесінде қызмет көрсететін негізгі құрал-жабдықты ұстауға жұмсалатын шығыс;
- 5) өткізу нарығын зерттеу және нарықта тауарды жылжытуға жұмсалатын шығыс;
- 6) жарнамаға жұмсалатын шығыс;
- 7) өнімнің ыдысы мен қапиамасына жұмсалған шығыс;
- 8) өнім сату үшін төлейтін комиссиялық жиын немесе аударым;
- 9) сатылған өнімге жатқызылатын табиғи кему норма шектеріндегі биологиялық ысырап;
- 10) тауар өткізумен байланысты жұмсалатын өзге шығын жатады.

Жалпы және әкімшілік шығысқа :

- 1) әкімшілік қызметкерлерге жатқызылатын қызметкерлерге еңбек ақы төлеу;
- 2) қызмет көрсететін өндіріс пен шаруашылықта жұмыс істейтін қызметкерлерге еңбекақы төлеу;
- 3) әкімшілік қызметкерлерінің және қызмет көрсетуші шаруашылықта жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбекақысынан белгіленген норма бойынша аударылатын аударым және т.б.

Негігі емес қызметтің шығысына мыналар жатқызылады;

- ұйым активін төлем үшін пайдалануға берумен байланысты шығыс;
- өнертабысқа, өнеркәсіптік үлгіге және интеллектуалдық меншіктің басқа түріне берілген патенттен туындайтын құқықты төлем үшін берумен байланысты шығыс;
- басқа ұйымның жарғылық капиталына қатысумен байланысты шығыс;
- негізгі құрал-жабдықты және ақшалай қаражаттан өзгеше басқа активті, тауарды, өнімді сатумен, істен шығарумен және өзгедей есептен шығарумен байланысты шығыс;
- бухгалтерлік есеп ережесіне сәйкес құрылатын бағалау резервіне аударылатын аударым;
- өзге шығыс.

Төтенше шығыс құрамында шаруашылық қызметтің төтенше жағдайдың салдарынан пайда болатын шығыс көрсетіледі.

Бухгалтерлік есепті жүргізу ережесіне сәйкес **материалдық шығынға** мына актив жатқызылады:

- сатуға арналған өнім өндірісінде шикізат, материал ретінде пайдаланылатын;
- сатуға арналған;
- ұйымның басқарушылық қажеті үшін пайдаланылатын.

Жоспарлау – ағымдағы шығынды басқарудың негізгі әдісі болып табылады. Жоспарлауда алдағы кезеңнің шығынын және оның мөлшерінің орынды құрылымын белгідеу басты мақсат ретінде қойылады.

Пайдалану шығынын жоспарлаудың ең маңызды сатыларына;

- есепті кезеңнің шығынын талдау;
- жоспарлау үшін қажетті бастапқы база дайындау;
- шығынның мөлшерімен құрылымына ықпал ететін факторлардың өзгеру болжамы;
- бұйым түрлеріне жоспарлы калькуляция жасау;
- жауапкершілік орталықта орының жоспарлы бюджетін әзірлеу;
- жалпы кәсіпорын бойынша жиынтық жоспар әзірлеу жатады.

Операциялық талдау процесінде өндірістік циклдің қалыпты барысында қарастырылмаған артық шығынның пайда болу себебіне ерекше назар аударылады. Артық шығынның құрамына мына шығын кіреді;

- шикізаттың, материалдың және энергия ресурстарының нормативтіктен тыс шығыны;
- еңбекақы төленетін қаражаттың артық шығыны;
- материалдық құндылықтың артық запасын ұстауға жұмсалған шығын;
- амортизациялық саясаттың өзгеруі;
- салық салу ставкасының және бюджеттен тыс қорға төленетін жарна тарифінің деңгейі;
- тартылған қарыз қаражаттың пайыздық ставкасының деңгейі;
- сатып алатын материалдық ресурстың, қуат көзінің баға деңгейінің және көлік тасымалы тарифінің өзгеруі;
- ағымдағы шығынның мөлшеріне айтарлықтай ықпал ететін өзге факторлар.

КОРПОРАЦИЯЛАРДЫҢ ТАБЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ, БӨЛІНУІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Нарықтық қатынас жағдайында кез келген кәсіпорын негізгі, негізгі емес және төтенше қызмет түрлерінен кіріс алуы мүмкін.

Операциялық қызмет – заңды тұлғаның кіріс алатын негізгі қызметі және инвестициялық және қаржы қызметіне жатпайтын өзге де қызметі. Аталмыш кәсіпорын осы қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылады.

Инвестициялық қызмет - ұзақ мерзімді актив сатып алу және сату, сондай-ақ өтелетін қарыз беру және алу жөніндегі қызмет.

Қаржы қызмет і- заңды тұлғаның нәтижесінде меншікті капиталдың және қарыз қаражаттың мөлшері мен құрамы өзгеретін қызметі.

Кіріс және шығыс жөніндегі есепке келесі көрсеткіштер кіреді:

1) даяр өнімді (тауарды, жұмысты, қызметті) сатудан алынатын кіріс – қосылған құн салығы, акциз салық және міндетті төлем, сондай-ақ қайтарылған тауардың құны, сатудан берілген жеңілдік пен сатып алушыға берілген бағадан жеңілдік құны шегеріліп көрсетіледі.

Осы бап бойынша негізгі қызметтен алынатын кіріс көрсетіледі. Негізгі қызметтен алынатын кіріс тауарлық-материалдық запасты сатудан, қызмет көрсетуден, сондай-ақ негізгі қызметке байланысты сыйақы, дивиденд, гонорар мен рента түрінде алынуы мүмкін.

2) сатылған даяр өнімнің (тауардың, жұмыстың, қызметтің) өзіндік құнына өнімді (жұмыстың қызметті) өндірумен тікелей байланысты нақты шығын кіреді. Нақты шығын өзінің экономикалық маңызға сәйкес материалдық шығын, еңбекақыға жұмсалатын шығын, сақтандыруға аударым, негізгі құрал-жакбдықтың тозуы, өзге шығын сияқты элемен бойынша топтастырылады.

3) жалпы кіріс-даяр өнімді (тауарды, жұмысты, қызметті) сатудан алынатын қаржы нәтижесін білдіреді және негізгі қызмет нәтижесінде даяр өнімді сатудан алынатын кіріс пен сатылған даяр өнімнің өзіндік құны арасындағы айырма ретінде анықталынады;

4) кезең шығыны:

- жалпы және әкімшілік шығын;
- сатуға жұмсалған шығыс;
- сыйақы төлеуге жұмсалған шығыс.

Кезең шығысы - бұл даяр өнімнің өндірістік өзіндік құнына енгізілмейтін шығын.

5) негізгі қызметтен алынатын кіріс- сальдоланған қаржы нәтижесі және жалпы кіріс пен кезең шығыны арасындағы айырма ретінде анықталады;

6) негізгі емес қызметтен алынатын кіріс- бұл айналымдағы емес активті беру, биржада айналыстағы бағалы қағазды қайта бағалау және т.б

7) дағдылы қызметтен салқ салынғанға дейін алынатын кіріс.

8) табыс салығы

9) дағдылы қызметтен салық салынғаннан кейін алынатын.

10) төтенше жағдайдан алынатын кіріс.

11) таза кіріс

Корпорацияның нарықтық экономика жағдайындағы шаруашылық қызметін таза пайданың және қаржының жай-күйінің көрсеткіші жалпы сипаттайды.

Даяр өнім - негізгі және қосалқы цехтардың сатуға арналған өнімі. Бухгалтерлік есепте даяр өнімді бағалаудың келесі түрі қолданылады:

- өндірістік өзіндік құн, оған даяр өнімді өндіруге жұмсалатын барлық өндірістік шығын кіреді;
- толық өзіндік құн, оған өндірістік өзіндік құн және коммерциялық шығыс жарнамамен байланысты және сатып алушы өтемейтін басқа да шығыс кіреді;

- кәсіпорынның шартты бағасы бойынша;
- бөлшек сауда бағасы-кең салалы нарыққа түсетін және негізінен бөлшек сауда желісі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорыны арқылы сатылатын адамның жеке басы тұтынатын тауардың бағасы бойынша.

Сатып алынған даяр өнім мен тауар сатудан және қызмет көрсетуден алынатын кіріс тараптар арасындағы шартта көзделген сату құны бойынша анықталады. Сату құны сатып алушы актив үшін төлейтін немесе мәмілеге осы актив дайын дербес тараптар арасында айырбасталатын құн түсіндіріледі.

Негізгі қызметтен алынған кірісті қалыптастыру. Осы топқа кірістің мына түрлері кіреді;

- 1) Өнім сатудан, орындалған жұмыс пен тарапқа көрсетілген қызметті сатудан алынған кіріс
- 2) Сатып алынған тауарды сатудан алынған кіріс
- 3) Құрылыс – монтаж, жобалау-іздістіру, геологиялық- барлау, ғылыми – іздістіру және т.б жұмысты сатудан алынған кіріс
- 4) Жүкті және жолаушыларды тасымалдау жөнінде қызметтен алынған кіріс
- 5) Мүлікті жалға беруден алынған кіріс
- 6) Байланыс кәсіпорынның қызметінен алынған кіріс
- 7) Сақтандыру компаниясының қызметінен алынған кіріс
- 8) Негізгі қызметтен алынған кірістер кіреді.

Негізгі емес қызметтен алынған кіріс-оған кірістің мына түрі кіреді;

- материалдық емес активті сатудан алынған кіріс .
- негізгі құралды сатудан алынған кіріс
- бағалы қағаздарды сатудан алынған кіріс
- акциялар бойынша дивиденд мен пайыз түріндегі кіріс
- бағамдағы айырмадан алынған кіріс
- атқарушы билік органының субсидиясы
- негізгі емес қызметтен алынған өзге кіріс.

Төтенше жағдайдан және тоқтатылған операциядан алынған кіріс.Осы кіріс пен залалдың құрамына;

- табиғи апаттан алынған кіріс;
- табиғи апаттың өтелмейтін залалы;
- тоқтатылған операциялардан алынған кіріс;
- төтенше жағдайдан алынған кіріс.

Табиғи апаттан шегілген залал- егер сақтандырушы мүлікті, кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру шартын жасасқан, алайда сақтандыру шартының барлық ережесін орындалмаған жағдайда пайда болатын залал. Табиғи апаттан шегілетін өтелмейтін залал- ықтимал сақтанушы мүлікті, кәсіпкерлік тәуекелді және т.б. сақтандыру шартын жасамаған жағдайда пайда болады.

Тоқтатылған операция - пайдаланылатын активті сату немесе кәсіпорынның экономикалық, өндірістік немесе сауда қызметінің жеке, пәрменді бағыты болып табылатын операцияны тоқтату нәтижесінде пайда болады.

Төтенше жағдайдағы заңды тұлғаның қызметінен ерекшеленетін жағдай және операция жатады. Мұның өзінде осындай жағдай мен операция жиі немесе үнемі қайталанбайды деп қарастырылады.

Әдеттен тыс- барынша ауытқымалы және кәсіпорын жұмыс істейтін ортаны ескере отырып, оның қалыпты қызметімен анық немесе кездейсоқ анық немесе кездейсоқ байланысты емес өкіфа немесе мәміле.

Таза пайда (кіріс) - бұл салық салынғаннан кейінгі пайда, ол ұйымның одан әрі өсу және кісіпорынның меншік иесі кіріс алатын көз. Таза кіріс кәсіпорынның иесінің толық иелігінде болады, сонымен бірге инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу, қаржы нарығында бос ақшалай қаражатты пайдалану, сондай-ақ жеке тұлғаның мүлкіне, кірісіне салық салу және т.б бөлігінде қаржыны осылай басқарады.

Кәсіпорын иелігінде қалатын таза кіріс меншік иелерінің шешімі бойынша бөлінеді. Кәсіпорынның иелігіндегі қалатын таза кіріс мыналарға бөлінеді:

Резервтік қорларға:

- АҚ резерв қоры;
- кепілдік қорлары;
- сақтандыру қорлары;
- жөндеу қорлары;
- өзге.

Жинақтау қорына:

- негізгі қорларға;
- айналым активтерге;
- әлеуметтік салаға;
- қаржы салымдары;
- қайырымдылық жарналары;
- өзге.

Тұтыну қорлары:

- сыйақы төлеу қоры;
- әлеуметтік саланы ұстау қоры;
- тамақты арзандату қоры;
- қызметкерлерге арналған несие қоры;
- зейнетақы қоры;
- өзге де көздерген бөлінеді.

Пайдалылық көрсеткіші - кәсіпорын қаржысының нәтижесін және оның қызметінің тиімділігінің салыстырмалы көрсеткіші болып табылады. Аталмыш көрсеткіш кәсіпорынның табыстылығын түрлі тұрыдан өлшейді және экономикалық процеске, нарықтық алмасуға қатысушының мүддесіне сәйкес топтастырылады.

Пайдалылық негізгі көрсеткіштерін төмендегідей топтастыруға болады:

- 1) өнім пайдалылығының көрсеткіші;
- 2) капитал пайдалылығының көрсеткіші;
- 3) қолма-қол ақшалай қаражат ағынының негізінде есептелген көрсеткіш

КОРПОРАЦИЯНЫҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ

Меншікті капитал – корпорация капиталының меншікті қаржыландыру көзінің есебінен қалыптастырылған бөлігі. Корпорацияның қаржы әлеуетінің негізін меншікті капитал құрайды. Меншікті капиталға мына элементтер кіреді;

1. Жарғылық капитал

- жай акция

- артықшылықты акция;

- жарғылық капиталға салынатын салым мен жарна.

2 Алынатын капитал (акционерлік қоғам меншік иелерінен кейін жою немесе қайта сату үшін сатып алған меншікті акция.

3 Үстеме капитал;

- акционерлік қоғамның эмиссиялық кірісі(орналастырылған акцияның атаулы құнынан тыс алынған сомадан акцияны сатуға жұмсалған акцияны сатуға жұмсалған шығыс шегерілген сома);

- айналымнан с активті қосымша бағалаудан түсетін сома;

- негізгі құрал-жабдықты қайта бағалаудан;

- инвестицияны қайта бағалаудан;

- өзге активті қайта бағалаудан;

- басқа ұйымнан тегшін алынған мүлік;

- мақсатты қаржыландыру қаражатының инвестициялық ресурс нысанындағы түсімі және басқа да түсім.

4 Резервтік капитал ;

5 Бөлінбеген кіріс;

- есепті жылдың бөлінбеген пайдасы;

- өткен жылдардан бөлінбеген пайдасы.

Жарғылық капитал – корпорация мүлкінің оның кредиторларының мүддесіне кепілдік беретін барынша аз мөлшері. Жарғылық капитал – негізгі құрал-жабдықтың , басқа мүліктің, материалдық емес активтің, сондай-ақ корпорацияға оның құрылтайшылары мен қатысушылары құрылтай құжатта белгіленген үлеске үйлесімді салған, сондай-ақ ақшамен бағаланатын мүліктік құқықтардың жиынтығы.

Жарғылық капитал – кәсіпорын жарғысында белгіленген капиталының бастапқы сомасы. Жарғылық капитал негізінен акция сату немесе қатысушылардың, құрылтайшылардың салымының есебінен қалыптастырылады. Жарғылық капиталға бағытталатын қаражаттың сомасы жаңадан құрылған кәсіпорынның қызметін бастауды қамтамасыз етуі тиіс.

Жарғылық капитал сатылған акцияның атаулы құны бойынша бағаланады.

Үстеме капитал – мүліктің құнын қайта бағалаған кезде оның өсуін, эмиссиялық кірісті, тегін алынған құндылықты және басқа да түсімді білдіреді.

Үстеме капиталдың құрамына мына элементтер кіреді:

1) акционерлік қоғамның эмиссиялық кірісі(орналастырылған акцияның атаулы құнынан тыс алынған сомадан акцияны сатуға жұмсалған шығыс шегерілген сома)

2) айналымнан тыс активті қосымша бағалаудан түсетін сома;

- негізгі құрал*-жабдықты қайта бағалаудан;

- инвестицияны қайта бағалаудан;
- өзге активті қайта бағалаудан;
- 3) басқа ұйымдардан тегін алынған мүлік;
- 4) мақсатты қаржыландыру қаражатының инвестициялық ресурс нысанындағы түсімі және басқа да түсім;
- 5) басқа ұйымдардан тегін алынған мүлік.

Қосымша төленген капитал – акционерлік қоғам меншік акцияны атаулы құнынан асатын бағаға сату нәтижесінде алған сома.

Қосымша төленбеген капитал- инфляцияға байланысты негізгі құрал-жабдықты , инвестицияны және басқа да активті қайта бағалаудан алынған капитал сомасы.

Қосымша төленбеген капиталға мына элементтер кіреді;

- 1) «Негізгі құрал-жабдықты қайта бағалаудан алынған қосымша төленбеген капитал»;
- 2) « Инвестициялық қайта бағалаудан алынған қосымша төленбеген капитал»;
- 3) «Өзге қосымша төленбеген капитал».

Резервтік капитал – акционерлік қоғамның және басқа да шаруашылық серіктестіктің бөлінбеген кірістен ақша аудару есебінен құрылатын меншікті қаражатының бөлігі. Резервтік капитал операциялық қызметтен шегілетін ысыраптың орнын толтыру, сондай-ақ ағымдағы пайда дивиденд төлеуге жетпеген жағдайда осы мақсатта пайдаланылады.

Акционерлік қоғамда резервтік капитал оның жарғысында қарастырылған мөлшерде құрылады. Резервтегі капитал таза кірістен жарғыда қарастырылған мөлшерде жеткенге дейін ай сайын аударылатын аударым есебінен қалыптастырылады. Жыл сайынғы аударымның мөлшері жарғыда тіркеледі. Резервтік капитал залалдың орнын толтыруға, сондай-ақ қоғамның облигациясын өтеуге және өзге ақшалай қаражат болмаған жағдайда оның акциясын сатып алуға арналған.

Меншікті капиталды қалыптастыру корпорацияның жалпы қарж стратегиясының өндірістік – коммерциялық қызметін ақшалай ресурспен қамтамасыз ететін бөлігі болып табылады.

Меншікті капитал:

- 1) меншікті капитал есебінен айналымнан тыс активтің қажетті мөлшерін құру;
- 2) меншікті капитал есебінен айналым активінің белгіленген үлесін құру мақсатында қалыптастырылады;

Меншікті капиталды басқару оның жинақталған бөлігін ұтымды пайдаланумен ғана емес, сонымен бірге корпорацияның келешекте дамун қамтамасыз ететін қаржы ресурсының меншік көзін құрумен байланысты.

Меншікті капиталды басқару процесінде оны қалыптастыратын көз ішкі және сыртқы көзге бөлінеді.

Ішкі көздің құрамына:

- бөлінбеген кіріс;

- меншікті капиталға негізгі құрал-жабдықты қайта бағалау нәтижесінде қосылатын қаражат;
- өзге де ішкі көз кіреді.

Сыртқықаражат көзіне;

- қосымша үлестік капиталды жұмылдыру;
- қосымша акционерлік капиталды тарту;
- заңды тұлғаның және мемлекеттің тегін қаржылай көмегі;
- қарыз қаражатты меншікті қаражатқа конверсиялау;
- инвестициялық мақсатқа түскен мақсатты қаржыландыру қаражаты;
- өзге де сыртқы көздер жатады.

Меншікті қаражат ресурстарын (МҚР) қалыптастыру саясаты корпорацияның өзін-өзі қаржыландыруын қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталмыш саясат мына негізгі сатылардан тұрады:

- базистік кезеңде (МҚР) пайда болуы мен оны пайдалануын талдау;
- алдағы кезеңде (МҚР) –на жалпы қажеттілікті анықтау;
- түрлі көзден меншікті капитал тарту құнын бағалау;

ішкі және сыртқы көздіңесебінен (МҚР) барынша көп мөлшерін тартуды қамтамасыз ету;

- меншікті қаржы ресурстары пайда болатын ішкі және сыртқы көзді оңтайландыру.

МҚР ойдағыдай қалыптастыру:

- 1) жол берілетін қаржы тәуекелін ескере отырып пайданың жиынын барынша көбейтуді;
- 2) таза пайданы дивиденд төлеуге және өндірісті дамытуға пайдаланудың ұтымды құрылымын;
- 3) компания тиімді амортизациялық саясатты әзірлеуді;
- 4) ұтымды эмиссиялық саясат қалыптастыруды немесе қосымша үлестік капитал тартуды қамтамасыз етеді.

КОРПОРАЦИЯЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ ҚАРЫЗДЫҚ КӨЗДЕРІ

Қарыз капиталы –кәсіпорын капиталын қаржыландырудың қарыз көзі арқылы қалыптасқан бөлігі. Корпорацияның қарыз капиталының құрамына;

- 1) қысқа мерзімді кредит пен қарыз;
- 2) ұзақ мерзімді кредит пен қарыз;
- 3) кредиторлық берешек кіреді.

Қысқа мерзімді кредит пен қарыз айналым активін орнын толтыратын көз болып табылады.

Сырттан тартылған ұзақ мерзімді капитал ,әдетте ,айналымнан тыс активті қаржыландыруға жұмсалады.

Айналымнан тыс активке негізгі құрал-жабдық объектісі, мүліктік кешен және сатып алуға және салуға қоиакты шығынды қажет ететін осындай актив жатады

Банк кредиттің тарту саясатына мына негізгі кезең кіреді;

- тартылатын банк кредитін пайдалану мақсатын анықтау;

- қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кредит арасындағы арақатынасты бағалау;
- қарыз алушының ықтимал кредиторы- коммерциялық банкіні зерделеу және бағалау. Бағалау қарыз алушы үшін банкінің кредит саясатының тартымдылығы бойынша жүргізіледі.
- түрлі банкілерден жекелеген кредит түрін тарту мүмкіндігінің ережесін салыстыру.

Қарыз капиталын облигация шығару арқылы тарту акционерлік қоғамға мына артықшылықтарды береді:

- облигация эмиссиясы қоғамды басқаруды бақылауды жоғарлатуға әкеп соқтырмайды.
- Облигация қоғамның мүлкімен қамтамасыз етіледі және пайыз төлеуде басымдығы болады, сондықтан облигация пайыз бойынша біршама жоғары емес қаржы міндеттемелерімен шығарылуы мүмкін
- Облигация қоғамның мүлкімен қамтамасыз етілген, сондықтан акиямен салыстырғанда инвестор үшін оның тәуекл деңгейі төмен, сол себептен облигацияны тарту мүмкіндігі мол.
- Корпоративтік облигация, ұзақ мерзімге капитал тартуды қамтамасыз етеді, бұл ірі ауқымды инвестициялық жобан іске асыру үшін қомақты қаржы ресурсын жұмылдыруға мүмкіндік береді.
- Корпоративтік акция құнды қағаздың басқа түрімен салыстырғанда қор биржасында тұрақтылау. Облигация бағамы қаржы нарығында іскерлік жағдай нашарлағанда акция сияқты төмендемейді.
- Эмиссия проспектісін дайындау және облигацияны айналысқа шығару процесінде ықтимал инвестор үшін оның сапасы мен сенімділігіне басты назар аударылады; облигацияның жоғары инвестициялық тартымдылығы ол бойынша төлемнің төмен пайызын және тиісінше; эмитент-корпорация үшін қарыз капитал тартудың тиімді шартын білдіреді.

КОРПОРАЦИЯ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Капитал – қаржы менеджментінің ең өзекті ұғымдарының бірі болып табылады. Қаржы менеджменті көзқарасынан қарастырғанда капитал корпорацияның активіне (мүлкіне) салынған қаражаттың ақшалай, материалдық және материалдық емес нысанындағы жалпы мөлшерін білдіреді..

Капитал- корпорация мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектісінің арасында оны қалыптастыру мен пайдалану қатысында туындайтын ақшалай қатынасын білдіреді.

Капитал салу нәтижесінде негізгі және айналым капиталы құрылады. Негізгі капитал жұмыс істеу процесінде айналымнан тыс актив нысанына, ал айналым капиталы – айналым активі нысанына айналады. Корпорацияның айналым активіне авансыланған ақшалай ресурсы айналым қаражаты болып табылады.

Капиталды салу нысаны бойынша кәсіпкерлік және несие капиталы болып бөлінеді.

Кәсіпкерлік капитал- корпорацияның нақты , материалдық емес және қаржы активіне пайда алу және оны басқару құқығын алу мақсатында авансыыланады.

Несие капиталы-кепілзат қайтарымды, ақылы, шұғыл болса және қамтамасыз етілсе кредитке берілетін ақша капиталы.

Меншікті капиталдң бағасы- акционерлік капитал үшін акция бойынша дивидендтің сомасы немесе үлестік салым мен онымен байланысты шығын бойынша төленген сомасы.

Қарыз капиталының сомасы- кредит немесе облигацилық қарыз және онымен байланысты шығын үшін төленген пайыздың сомасы.

Тартылған капиталдың сомасы- кредиторлық берешектің құны. Ол пайда боғаннан кейін үш айдан астам мерзімде немесе шартта белгіленген мерзімде өтелмеген кредиторлық берешектің айыппұл санкцияның сомасын білдіреді.

Капитал – корпорацияға кіріс әкелетін қаражат көзі болып табылады.

Капитал оның иелерінің ағымдағы және келешектегі кезеңде әл-ауқатының негізгі көзі ретінде болды. Капитал – фирманың нарықтық құнының негізгі өлшеушісі болып табылады. Бұр ең алдымен таза активтің мөлшерін анықтайтын меншікті капиталға қатысты.

Капитал мына белгілері бойынша жіктеледі:

1. Корпорацияның тиесілігі бойынша меншікті және қарыз капиталы болады.

Меншікті капитал корпорацияға меншік құқығында тиесілі және активтің айтарлықтай бөлігін қалыптастыру үшін пайдаланылады.

Қарыз капиталы корпорацияны қаржыландыруға арналған қайталылатын және ақылы негізде тартылатын ақшалай қаражатты білдіреді. Қарыз капиталының барлық нысаны корпорация белгіленген мерзімде өтеуге тиіс міндеттемеіне жатады.

2. Капитал айналу мақсаты бойынша өндірістік, несиелік және жалдаптық (спекулятивтік) болып бөлінеді. Жалдаптық капитал қайталама қор нарығында айналымдағы акцияның құны көтерілуі салдарынан пайда болады. Жалдаптық операция барынша жоғары кіріс табу үшін жасалады.

3. Инвестициялау нысаны бойынша шаруашылық серіктестік пен қоғамның жарғылық капиталын қалыптастыру үшін пайдаланылатын ақшалай, материалдық және материалдық емес нысандағы капитал болады.

4 Капитал инвестициялау объектісі бойынша негізгі және айналым ккапиталы болып бөлінеді. Негізгі капитал айналымнан тыс капиталдың барлық түрлеріне (материалдық және материалдық емес) салынады, ал айналым капиталы өтімділік дәрежесі әртүрлі айналым активіне (запас, дебиторлық берешек, қаржы салымы мен ақшалай қаражат) салынады.

5 Меншік нысаны бойынша мемлекеттік , жеке меншік және аралас капитал болады.

6 Қызметтің ұйымдастыру-құқықтық нысаны бойынша акционерлік, үлестік және отбасы шаруашылығына тиесілі жеке капитал болады.

7 Капитал өндірістік процесте қатысу сипаты бойынша қолданыстағы және әрекетсіз (жөндеудегі, резервтегі, мконсервациядағы, аяқталмаған құрылыстағы негізгі құрал-жабдық).

8. Меншік иесінің (иелердің) пайдалану сипаты бойынша тұтынылатын және жинақталатын (қайта инвестициялатын, қапайталдандырылатын) капитал болады. Тұтынылатын капиталға дивиденд және әлеуметтік сипаттағы басқа да төлемге жұмсалатын сома жатады. Қайта инвестицияланатын капиталға есепті және өткен жылдың бөлінбеген пайдасы жатады.

9 Ел экономикасына тарту көзі бойынша –отандық және шетелдік капитал болады.

Корпорациялардың қаржы саясатын іске асыруда және оның ақша айналымын басқаруда фирма ішінде қаржыны жоспарлаудың маңызы зор. Қазақстан экономикасының қазіргі замандағы даму кезеңінде қаржы жоспары өндірістік және коммерциялық қызметті реттейтін маңызды құрал ретінде қала береді. Қаржы жоспарын әзірлемесін бұрын ағымдағы (операциялық) және инвестициялық қызметті қаржыландыру үшін капитал тарту тәсілі мен көзін анықтау қажет.

Қазақстандағы корпорацияны қарожыландыру көзі ішкі (меншікті капитал) және сыртқы (қарыз және қаржы нарығынан тартылған капитал).

Ішкі қаржыландыру- бұл меншікті қаражаттың , ең алдымен таза пайданы және амортизациялық аударымды пайдалану.Өзін-өзі белсенді қаржыландыруда корпорацияның пайдасы бюджет жүйесіне салық, эмитенттің акциясы бойынша дивиденд төлеу, сондай-ақ айналым қаражатын толықтыру, әлеуметтік бағдарламаларды орындау үшін жеткілікті болуы тиіс.

Белсенді емес (жасырын) қаржыландыруда мүліктітөмендетіп бағалау, сондай-ақ резерв қорға кемітіңкі аудару салдарынан корпорация балансында көрсетілмейтін қосымша көз пайда болады.

Жасырын қаржыландыру көзіне:

- таза айналым капиталы (айналым активі мен қысқа мерзімді міндеттеме арасындағы айырма),
- бағалау резерві;
- қатысушыларға (құрылтайшыларға) кіріс төлеу жөніндегі берешек;
- алдағы кезеңнің кірісі;
- келешекте жұмсалатын шығыстың резерві;
- жеткізушілерге және т.б төленуге тиіс мерзімі өтіп кеткен берешек жатады..

Өзін-өзі қаржыландырудың мынадай артықшылықтары бар;

1.Таза пайдадан пайда болған қосымша меншік капиталдың есебінен кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы нығайады.

2. Меншікті қаражат бүкіл жыл бойы тұрақты түрде қалыптасады.

3. Сыртқы қаржыландыруға (кредитордың барынша қызмет көрсету) жұмсалатын шығын барынша азайады.

4. Инвестициялық шығынның орнын толтыратын көз алдын-ала белгілі болу себебінен кәсіпорынды қосымша инвестиция есебінен дамыту жөнінде басқарушылық шешім қабылдау жеңілдейді.

Сыртқы қаржыландыру- мемлекеттің , қаржы-кредит ұйымының , қаржы институтына жатпайтын компанияның және азаматтардың қаражатын пайдалану.

Меншікті қаражат есебінен сыртқы қаржыландыруда корпорация құрылтайшыларының (қатысушыларының) ақшалай қаражатын пайдалағылады. Кәсіпкерлік қызметті сырттан қаржыландырылған қаражатпен қамтамасыз етудің артықшылығы бар, өйткені ол кәсіпорынның қаржылық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді, сонымен бірге банкіден кредит алуға (өтімді қаражат тапш болған жағдайда) қойылатын талаптарды жеңілдетеді.

Қарыз капиталдың есебінен қаржыландыру- бұл кредитордың ақшалай қаражатты қайтарымды және ақылы негіздеуі бар. Осындай қаржыландыру кәсіпорын капиталын ақшалай қаражат салу арқылы арттыруды емес, қарыз алушы мен қарыз берушінің арасындағы кәдімгі кредиттік қатынасты білдіреді.

Қарыз капиталы есебінен қаржыландырудың екі түрі болады;

- қысқа мерзімді кредит есебінен қаржыландыру;
- ұзақ мерзімді кредит есебінен қаржыландыру.

Қысқа мерзімді қарыз капиталы айналым активін (тауарлық- материалдық запасы, аяқталмаған құрылыстың дайындамасын, маусымды шығынды) қаржыландыру көзі болып табылады. Ұзақ мерзімге тартылған капитал негізгі капиталды жаңартуға, сондай-ақ материалдық емес активті сатып алуға жұмсалады.

Қарыз алушы қор биржасынан (корпоративтік облигация эмиссиясынан) алынатын қарыз арқылы қаржыландырумен салыстырғанда , борышты тиісінше қамтамасыз етіп ұзақ мерзімді банк кредитін пайдаланған жағдайда оған мынадай артықшылық береді;

- құнды қағаз басып шығаруға , оны орналастыруға немесе электрондық тасымалдауышта оның есебін жүргізуге, эмиссияға, жарнамаға және орналастыруға шығын жұмсалмайды;
- қарыз алушы мен банк арасындағы құқықтық қарым-қатынас жөнінде шамалы ғана адам хабардаор болады; кредит беру ережесі әрбір мәміле бойынша анықталады;
- банкіден кредит алуға өтініш берумен және қор нарығынан қаражаттың түсу арасындағы мерзім қысқарады;
- акционерлік қоғамның облигация шығаруға қойылатын шектеу.

Корпорация капитал тартудың түрлі тәсілін салыстыра отырып ағымдағы және инвестициялық қызыметті қаржымен қамтамасыз етудің оңтайлы нұсқасын таңдауға мүмкіндік береді.

Корпорацияның қаржылық-шаруашылық қызметінің тиімділігі оның капиталды мақсатқа орай қалыптастырып пайдалдануына байланысты. Капитал фирманың активті қаржыландыру көзіне қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында қалыптастырылады.

Капитал қалыптастыру процесі келесі принциптерге негізделген:

Бірінші принцип- корпорацияның даму келешегін ескеру.

Баланс пассивінде капитал талдау мақсатында міндеттемені өтпеген мерзімі бойынша келесідей топтастырылады.

- қысқа мерзімді пассив;
- ұзақ мерзімді пассив;
- меншікті капитал.

Қысқа мерзімді пассив – айналым активімен орны толтырылатын немесе жаңа қысқа мерзімді міндеттеме пайда болу нәтижесінде өтелетін міндеттеме. Ол, әдетте, ұзақ емес кезең ішінде өтеледі. Қысқа мерзімді міндеттемені жеке топқа бөлу баланстың өтімділігінің мониторингі үшін маңызы зор.

Ұзақ мерзімді пассив – бір жылдан асатын мерзімді өтелетін міндеттеме. Ұзақ мерзімді кредит пен қарыз осы міндеттеменің негізгі түрі болып табылады.

Қарыз капиталының жағымд сипаттамасы ;

- қаражат таротудың, әсіресе қарыз алушының кредиттік өлшемі (өтімді кепілзаттың немесе төлеуге қабілетті кепілгердің кепілінің болуы) жоғары болған жағдайдағы кең мүмкіндігі;
- өндірістің және сатудың көлемін кеңейткенде активті арттыру мақсатында корпорацияның қаржы әлеуетінің дамуын қамтамасыз ету мүмкіндігі;
- активтің табыстылығы кредитке қойылатын орташа пайыздық ставкадан асатын жағдайда меншікті капиталдың пайдалылығын қаржы тұтқасының әсері есебінен ұлғайту мүмкіндігі;
- қысқа мерзімді банк кредитінің пайызы операциялық шығынға жатқызылу себебінен акция эмиссиясымен салыстырғанда «салық қалқаны» әсерінің есебінен кредит құнының төмен болуы. Нәтижесінде осы пайыздың сомасы салық салынатын пайданың мөлшерін төмендетеді.

Қарыз капиталын пайдалану кемшілігіне мыналар жатады:

- қарыз капиталын көп мөлшерде тарту (кредит пен қарыз нысанында) корпорация үшін өте қауіпті кредиттік, пайыздық, өтімділікті жоғалту және т.б. тәуекел сияқты қаржы тәуекелінің пайда болуына себеп болады;
- кредитордың алдында борышқа қызмет көрсетуге жұмсалатын қосымша шығын пайда болу себебінен қарыз капиталы есебінен пайда болатын актив капиталдың пайда нормасына байланысты болады;
- қарыз капиталы құнының кредит нарығындағы ауытқуға өте тәуелді болуы ;
- кредит ресурсын беру мүлік кепілін немесе басқа шаруашылық субъектілерінің ынтымақты кепілдігін талап ететін банкінің мүмкіндігіне байланысты; сондықтан қарыз қаражат тарту тәртіптемесінің қиынығы.

Капиталды қалыптастырудың екінші принципі- әр түрлі көзден оны қалыптастыруға жұмсалатын шығынды барынша төмендету, бұл мақсатқа оның құны мен құрылымын басқару процесінде қол жеткізіледі.

Үшінші принцип- шаруашылық қызмет процесінде капиталды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету. Аталмыш принцип қаржы тәуекелін барнша азайта отырып меншікті капиталдың кірістілігін барынша ұлғайту арқылы іске асырылады.

Капитал (баланстың пассиві) оның құнының көмегімен басқарылады. Капиталдың құны- корпорация түрлі көзден капиталды тартқаны үшін төлейтін баға. Капиталға осылай бағалау тұжырымдамасы капиталдың өндіріс факторының бірі ретінде корпоративтік топтың ағымдағы және инвестициялық шығынның деңгейіне айтарлықтай ықпал ететін белгіленген құны болатынына негізделген.

Корпорация қызметінде капитал құнының көрсеткішін пайдаланудың аса маңызды аспектілерін құрастырайық.

1. Капиталдың құны ағымдағы қызметтің кірістілігін өлшеуіш ретінде пайдаланады. Капиталдың құны пайданың қалыптастырудың барынша төмен нормасы болып табылады.

2. Капитал құнының көрсеткіші нақты инвестициялауды жүзеге асыру процесінде өлшем ретінде қолданылады. Капитал құнының деңгейі келешектегі ағынның сомасын қазіргі құнға әкелетін дисконттық ставка ретінде пайдаланылады.

3. Корпорация капиталының құны қаржы инвестициясының тиімділігі өлшенетін негізгі өлшем болып табылады. Жекелеген қаржы құралының кірістілігін бағалаған кезде капиталдың құны салыстыру базас ретінде болады.

КОРПОРАЦИЯНЫҢ ҚАРЖЫСЫН ЖОСПАРЛАУ

Корпорацияның қаржысын тиімді басқару тек шаруашылық субъектісінің барлық қаржы ресурстарын, олардың қалыптасу көздерін жоспарлау арқылы ғана мүмкін.

Қаржылық жоспарлау корпорацияның дамуын қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету және болашақтағы оның қаржылық қызметінің тиімділігін арттыру бойынша қаржылық жоспарлар жүйелерін және жоспарлық (нормативтік) көрсеткіштерді жасау процесі болып табылады.

Қаржылық жоспарлаудың мәні келесілерден айқындалады:

- жасалған стратегиялық мақсаттарды нақтылы қаржылық көрсеткіштер нысанына өзгертеді;

- дамудың экономикалық үйлесімін өндірістік жоспарда қарастырылған қаржы ресурстарымен қамтамасыз етеді;

- бәсеке жағдайында Корпорация жобасының өмір сүру қабілетін анықтау мүмкіндіктерін көрсетеді;

- сыртқы инвесторлардан қаржылық көмек алудың құралы болып табылады.

Корпорация қаржысын жоспарлаудың негізгі міндеттері болып мыналар табылады:

- өндірістік, инвестициялық және қаржылық қызметті қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету;

- капитал салымының тиімді жолдарын анықтау, оның ұтымды пайдалану деңгейін анықтау;

- ақшалай қаражаттарды үнемді пайдалану есебінен табысты жоғарылатудың ішкі шаруашылық резервтерін айқындау;

- бюджетпен, банктермен және контрагенттермен ұтымды қаржы қатынастарын белгілеу;

- акционерлер мен басқа да инвесторлардың мүделерін сақтау;

- корпорацияның қаржы жағдайын, төлем қабілеттілігін және несие қабілеттілігін бақылау.

Қаржылық жоспарлауда келесі әдістер қолданылады:

- экономикалық талдау әдісі;

- нормативтік әдіс;
- баланстық есептеулер әдісі;
- ақшалай аындар әдісі;
- есептеулердің көп варианттылығы әдісі;
- экономикалық-математикалық модельдеу әдістері.

Қаржылық жоспарлау бірнеше сатыдан тұратын күрделі процесті қамтиды:

Бірінші сатыда өткен кезеңдегі қаржылық көрсеткіштер бағаланады. Бұл ретте корпорацияның негізгі қаржылық құжаттары – бухгалтерлік баланс, табыстар мен шығыстар туралы есеп беру, ақшалардың қозғалысы туралы есеп беру қолданылады.

Екінші сатыда бухгалтерлік баланс, табыстар мен шығыстар туралы есеп беру, ақшалардың қозғалысы туралы есеп беру сияқты негізгі болжамды құжаттар дайындалады. Олар өз кезегінде перспективалық қаржылық жоспарға жатады және корпорацияның ғылыми негізделген бизнес-жоспарында қамтылады.

Үшінші сатыда ағымдағы қаржы жоспарын жасау арқылы қаржылық құжаттардың болжамды көрсеткіштері нақтыланады.

Төртінші сатыда оперативтік қаржылық жоспарлау жүзеге асады.

Қаржылық жоспарлау процесі жоспарлардың тәжірибелік енгізілуі және олардың орындалуына бақылау жасау арқылы аяқталады.

Корпорациялардағы қаржылық жоспарлау үш шағын жүйеден тұрады:

- перспективалық (стратегиялық) қаржылық жоспарлау;
- ағымдағы қаржылық жоспарлау;
- оперативтік қаржылық жоспарлау.

КОРПОРАЦИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ

Корпорацияның қаржы жағдайын бағалау активтердің және олардың қалыптасу көздеріне баға беруден басталады.

Баланс активін топтастырудың негізгі белгісі олардың өтімділік деңгейі болып табылады (қолма-қол ақшаға айналу жылдамдығына қарай). Осы белгіге сәйкес баланс активтері ұзақ мерзімді активтер және ағымдағы активтер болып бөлінеді.

Корпорация қаражаттары ішкі айналымда, сондай-ақ оның сыртында да қолданылуы мүмкін (дебиторлық қарыздар, басқа корпорациялардың акцияларын, облигацияларын сатып алу). Корпорация қаражаттарының дұрыс орналасуы қаржылық қызметке және оның тиімділігін арттыруда аса маңызды орын алады. Корпорацияның өндірістік және қаржылық қызметінің нәтижесі, сондай-ақ қаржы жағдайы көп жағдайда негізгі және айналым қаражаттарының көлеміне, олардың қаншасы өндіріс және айналыс саласында, ақшалай және материалдық нысанда болуына, сонымен қатар олардың тиімді арақатынасына байланысты болып табылады. Осыған сәйкес талдау процесінде бірінші кезекте активтердің құрамы мен құрылымы зерттелінеді және бағаланады.

Баланс активтері құрамы мен құрылымының динамикасын талдау корпорация мүлкінің және оның жекеленген түрлерінің абсолютті және

қатынасты өсімінің немесе азаюының шамасын анықтауға мүмкіндік береді. Активтердің өсуі (кемуі) корпорация қызметінің кеңейгенін (тарылғанын) бейнелейді. Ал тұтас активтер және оның жекеленген топтарының құрылымын талдау олардың орналасуы жөнінде баға беруге мүмкіндік береді.

Егер баланс активінде корпорация қаржаттары көрініс тапса, пассивінде олардың қалыптасу көздері көрініс табады.

Корпорацияның төлем қабілеттілігі көп жағдайда оның қарауындағы қаражат түрлеріне және олар неге салынғанына байланысты болып келеді.

Тиістілік деңгейі бойынша пайдаланылып отырған капитал меншікті (баланс пассивінің I бөлімі) және қарыз болып (баланс пассивінің II және III бөлімі) болып бөлінеді.

Пайдалануына байланысты капитал ұзақ мерзімді тұрақты (перманентті) – баланс пассивінің I және II бөлімі және ағымдағы – баланс пассивінің III бөлімі болып бөлінеді. Меншікті капиталдың қажеттілігі корпорацияның өзін қаржыландыру талаптарымен байланысты. Меншікті капитал корпорация тәуелсіздігінің негізі болып табылады. Бірақ корпорация қызметін тек өз қаражаттарының есебінен қаржыландыру әр уақытта тиімді бола бермейді (әсіресе оның өндірісі маусымды болса) Бұл ретте жекеленген уақытта олар жетіспейді. Сонымен қатар қаржы ресурстарының бағасы төмен болса, ал корпорация несиелік ресурстар өтеміне қарғанда капитал салымының қайтарымын жоғарғы деңгейде қамтамасыз ете алса, онда қарыз қаражаттар қатыстыра отырып-ақ меншікті капиталдың рентабельділігін жоғарылата алады.

Корпорацияның қаржы жағдайы көп жағдайда меншікті және қарыз капиталының тиімді арақатынасына байланысты.

Корпорацияның қаржы тұрақтылығын талдау оның есеп беу кезеңіндегі қаржы ресурстарын қаншалықты дұрыс басқарғаны туралы мәселені анықтауға мүмкіндік береді. Корпорацияның қаржы тұрақтылығы қатынасты және абсолютті көрсеткіштермен сипатталады. Осыған сәйкес корпорацияның қаржы тұрақтылығын талдау барысында оның қатынасты және абсолютті көрсеткіштері зерттеледі.

Қаржы тұрақтылығының қатынасты көрсеткіштері қаржы жағдайын сипаттайтын бірқатар коэффициенттермен сипатталады. Олар: тәуелсіздік коэффициенті, тәуелділік коэффициенті, қаржыландыру коэффициенті, қарыз және меншікті қаражаттардың арақатынасы коэффициенті, инвестицияларды өтеу коэффициенті, инвестициялау коэффициенті және т.б.

Дағдарыстық қаржы жағдайы жоғарғы атаған теңсіздікке қоса корпорацияда уақтылы өтелмеген несиелерінің және қарыздарының болуымен сипатталады. Бұл жағдай корпорация өз қарыздарын уақтылы өтей алмайтындығын, яғни банкротқа ұшырау жағдайында екенін білдіреді.

Корпорация өтімділігі негізінен алғанда баланс өтімділігімен сипатталады. Сондықтан корпорация өтімділігін талдау үшін баланс өтімділігі көрсеткіштері зерттеледі.

Баланс өтімділігін талдау барысында өтімділік деңгейіне байланысты топтастырылған активтер бойынша қаражаттар мен өтелу мерзіміне байланысты

топтастырылған пассив бойынша міндеттемелер салыстырылады. Ережеге сәйкес актив және пассив баптарын топтастыру қатаң тәртіппен жүзеге асырылады.

Өтімділік деңгейіне, яғни ақшалай қаражаттарға айналу жылдамдығына қарай активтер келесідегідей топтастырылады.

Корпорацияның төлем қабілеттілігі өтімділік көрсеткіштерімен сипатталады. Оларға абсолютті өтімділік коэффициенті, аралық өтімділік коэффициенті, ағымдағы өтімділік коэффициенті жатады.

КОРПОРАЦИЯЛАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ДӘРМЕНСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУЫҚТЫРУ

Қаржы дағдарысының диагностикасы - кәсіпорында дағдарыстың дамуының ықтимал үрдісін және оның жағымсыз салдарын табу үшін жасалатын қаржыны талдаудың мақсатты жүйесі. Кәсіпорынның қаржы дағдарысын диагностикалау мақсаты мен оны жүзеге асыру әдісіне сәйкес ол келесі екі негізгі жүйеге бөлінеді:

- 1) қаржы дағдарысын экспресс-диагностикалау жүйесі;
- 2) қаржы дағдарысын терең диагностикалау жүйесі.

Қаржы дағдарысын экспресс-диагностикалау - кәсіпорын қаржысының дамуының дағдарыстық параметрін ұдайы бағалау жүйесі. Бағалау кәсіпорын қаржысының есеп деректерінің базасында стандартты талдау алгоритмі бойынша жүзеге асырылады.

Қаржы дағдарысын экспресс-диагностикалаудың негізгі мақсаты кәсіпорында дағдарыстың даму белгілерін ерте табу және дағдарыстың жай-күйінің ауқымын алдын ала бағалау. Қаржы дағдарысының экспресс-диагностикасы келесі негізгі саты бойынша жүзеге асырылады:

- 1) кәсіпорында қаржы дағдарысы туындауы қауіпті «дағдарыс өрісі» қадағаланатын объектіні анықтау.

Осы тұрғыдан кәсіпорынның «дағдарыс өрісін қадағалау жүйесіне мына негізгі объектілер (параметрлер) кіруі мүмкін:

- 2) кәсіпорында қаржы дағдарысының туындау қаупін бағалайтын индикаторлар жүйесін қалыптастыру;
- 3) кәсіпорын қаржысында дағдарыстың дамуының жекелеген жақтарын талдау мына стандартты әдіспен жүзеге асырылады:
 - деңгейлес (трендік) қаржы талдауы;
 - сатылас (құрылымдық) қаржы талдауы;
 - салыстырмалы қаржылық талдауы;
 - қаржы коэффициентін талдау;
 - қаржы тәуекелін талдау;
 - «Дюпон моделіне» негізделген интегралдық қаржы талдауы.

Кәсіпорын қаржысының дағдарыстық жай-күйінің ауқымын алдын ала бағалау. Қаржы менеджментінің практикасында кәсіпорынның қаржы жай-күйінде дағдарыстың даму ауқымы бағаланатын келесі үш негізгі сипаттама пайдаланылады:

- жеңіл қаржы дағдарысы;
- терең қаржы дағдарысы;

- апатты қаржы дағдарысы (қаржы апаты).

Қаржы дағдарысын терең диагностикалау кәсіпорын қаржысының дағдарыстық даму параметрін факторларды талдау мен болжау әдісінің негізінде жүзеге асырылатын бағалау жүйесі сипатталады.

Қаржы дағдарысын терең диагностикалау мына мақсатта жүзеге асырылады:

- кәсіпорын қаржысының дамуының дағдарыстық параметрін экспресс-диагностикалау процесінде алынған бағалау нәтижесін тереңдету;
- кәсіпорын қаржысының жай-күйіндегі дағдарыстың ауқымын алдын ала бағасын растау;
- кәсіпорынның қаржы дағдарысын және оның жағымсыз салдарының қаупін тудыратын жекелеген фактордың дамуын болжау;
- кәсіпорынның қаржы дағдарысын ішкі қаржы әлеуетінің есебінен бейтараптандыру қабілетін бағалау және болжау.

Кәсіпорын қаржысының дамуының дағдарысына себеп болатын негізгі факторлардың жиынтығы. Қаржы дағдарысын терең диагностикалау факторларды талдау мен болжауға негізделеді.

Аталмыш факторлар зерттеу мен бағалау процесінде мынадай екі негізгі топқа бөлінеді:

- 1) кәсіпорынның қызметіне тәуелді емес (сыртқы немесе экзогендік фактор);
- 2) кәсіпорынның қызметіне тәуелді (ішкі немесе эндогендік факторлар).

Қаржы дағдарысының дамуының сыртқы факторлары талдау кезінде мына үш шағын топқа бөлінеді:

- 1) елдің жалпы дамуының әлеуметтік-экономикалық факторлары. Аталмыш факторлардың ішінен осы кәсіпорынның шаруашылық қызметіне жағымсыз ықпал ететін, яғни оған қаржы дағдарысының қаупін төндіретіндер ғана қарастырылады;
- 2) нарықтық факторлар. Осы факторларды қарастырғанда кәсіпорын үшін жағымсыз тауарлық та (шикізат та, сондай-ақ шығарылатын өнім бойынша да) және қаржы нарығының да даму үрдісі зерттеледі;
- 3) өзге сыртқы факторлар. Кәсіпорын осы факторлардың құрамын өз қызметінің ерекшеліктерін ескере отырып дербес анықтайды.

Кәсіпорын қаржысының дамуында дағдарысқа себеп болатын сыртқы (экзогендік факторлар):

- 1) жалпы экономикалық факторлар:
 - ұлттық кіріс мөлшерінің құлдырауы;
 - инфляцияның өсуі;
 - төлем айналымының баяулауы;
 - салық жүйесінің тұрақсыздығы;
 - реттейтін заңнаманың тұрақсыздығы;
 - халықтың нақты кірісі деңгейінің төмендеуі;
 - жұмыссыздықтың ұлғаюы.
- 2) нарықтық факторлар:
 - ішкі нарық сыйымдылығының тарылуы;

- нарықта монополияның күшеюі;
- сұраныстың айтарлықтай кемуі;
- қор нарығының белсенділігінің төмендеуі;
- валюта нарығының тұрақсыздығы.

3) өзге факторлар:

- саяси тұрақсыздық;
- жағымсыз демографиялық үрдіс;
- табиғи зілзала;
- қылмыстық жағдайдың нашарлауы.

Қаржы дағдарысының дамуына себеп болатын ішкі факторлар да кәсіпорынның ақша ағынының қалыптасу ерекшелігіне байланысты талдау кезінде мына үш шағын топқа бөлінеді:

- операциялық қызметпен байланысты факторлар;
- инвестициялық қызметпен байланысты факторлар;
- қаржы қызметімен байланысты факторлар.

Кәсіпорын қаржысының дамуының дағдарысына себеп болатын ішкі (эндогендік факторлар):

1) операциялық факторлар:

- тиімсіз маркетинг;
- ағымдағы шығынның тиімсіз құрылымы (тұрақты шығынның жоғары үлесі);
- негізгі құрал-жабдықты төмен деңгейде пайдалану;
- сақтандыру және маусымдық запастың жоғары мөлшері;
- өнімнің әртараптандырылған түрінің жеткіліксіздігі;
- тиімсіз өндірістік менеджмент.

2) инвестициялық факторлар:

- тиімсіз қор қоржыны;
- құрылыс-монтаж жұмыстарының тым ұзақтығы;
- инвестициялық ресурсты шамадан тыс жұмсау;
- іске асырылған нақты жоба бойынша жоспарланған пайда мөлшеріне кол жеткізбеу;
- тиімсіз инвестициялық менеджмент.

3) қаржы факторлары:

- тиімсіз қаржы стратегиясы;
- активтің тиімсіз құрылымы (олардың төмен өтімділігі);
- қарыз капиталының шамадан тыс үлесі;
- қарыз капиталы тартылатын қысқа мерзімді көздің көптігі;
- дебиторлық берешектің өсуі;
- капиталдың жоғары құны;
- қаржы тәуекелінің жол берілетін деңгейінен асу;
- тиімсіз қаржы менеджменті.

Кешенді терең талдауды жекелеген факторлардың кәсіпорын қаржысының дамуына дағдарыстың жасайтын ықпалын бағалаудың арнайы әдістерін пайдаланып жүргізу. Осы талдау жекелеген факторлардың кәсіпорын қаржысының әр түрлі аспектісіне жасайтын жағымсыз ықпалдың дәрежесін

анықтауға негізделеді. Осындай терең талдауды жүзеге асыру процесінде мына негізгі әдістер пайдаланылады:

- қаржы коэффициентін толық кешенді талдау. Осы талдау жүзеге асырылғанда «дағдарыс өрісі» объектісінің шеңбері, сондай-ақ қаржы дағдарысының ықтимал қаупінің көрсеткіш-индикаторының жүйесі де біршама кеңейеді;
- корреляциялық талдау. Осы әдіс жекелеген факторлардың кәсіпорын қаржысы дағдарысының даму сипатына жасайтын ықпалының дәрежесін анықтау үшін пайдаланылады.
- SWOT-талдау (SWOT analyes). SWOT-талдау кәсіпорынның мықты және осал жағының ерекшелігін жекелеген ішкі эндогендік факторларды, сондай-ақ кәсіпорын қаржысының дағдарысының дамуына себеп болатын жекелеген сыртқы (экзогендік) факторлардың жағымсыз ықпалын жеке қарастырып зерттейді.

«Альтман моделі». Бұл кәсіпорынға төнетін банкроттық қаупін интегралдық бағалау алгоритмі болып табылады. Аталмыш моделі кәсіпорын қаржысының дағдарысының жай-күйін диагностикалайтын ең маңызды көрсеткіштердің кешенді есебіне негізделген. Э. Альтман банкрот кәсіпорынды зерттеу негізінде банкроттықтың ықтималдығын интегралдық бағалау кезінде жекелеген факторлардың маңыздылық коэффициентін анықтады.

КОРПОРАЦИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙСЫЗДЫҒЫ

Корпорацияның қаржылық жағдайсыздығы туралы түсінік. Банкроттық нарық шаруашылығының бір категориясы болып табылады. Ол соттың шешімі мен немесе кредитордың келісімі бойынша соттан тыс ресми түрде жарияланады. Банкроттық кәсіпорынның ұдайы өндіріс капиталының шаруашылық механизмінің балансының бұзылуынан, яғни оның қаржылық және инвестициялық саясатының тиімсіз болуынан туындайды.

Кәсіпорындардың жаппай банкроттыққа ұшырауы жағымсыз әлеуметтік қиындықтарға соқтыруы мүмкін, сондықтан нарықтық экономикасы дамыған елдерде, оларды толық күйреуден қорғау мен алдын алудың белгілі механизмі қалыптасқан. Осы механизмнің негізгі элементтері мыналар:

- 1) банкроттықты құқықтық реттеу;
- 2) кәсіпорынның банкроттығы жайында актілерді жүзеге асыруға шешім қабылдау процестерінің нормативтік-әдістемелік, экономикалық, ұйымдық қамтамасыз етілуі;
- 3) перспективалы тауар өндірушілерді қолдау мақсатында, төлем қабілеті жоқ кәсіпорындарға мемлекеттік қаржылық көмек шаралары;
- 4) қайта құру және жою шараларын қаржыландыру;
- 5) банкроттық процедураға қатысушыларға экономикалық көмек көрсету;
- 6) кең ауқымды қоғам үшін банкроттар жайында ақпараттардың жариялылығын қамтамасыз ету, төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың тізімін жүргізу.

Қазақстан Республикасының «Банкроттық жайында» Заңына сәйкес, кәсіпорынның банкроттығы туралы шешімі ерікті немесе еріксіз түрде қабылданады. Банкроттықтың ықтималдылығын бағалауды қаржылық талдау арқылы жүргізуге болады, себебі ол кәсіпорынның экономикалық «ауруын» және одан «арылу» жолдарын таңдауға мүмкіндік береді.

Қаржылық жағдайды болжау - перспективалық талдаудың негізгі міндеті. Талдаудың бұл түрі, шаруашылық қызметінің қаржылық нәтижесін зерттеу негізінде, болашақ міндеттерін анықтау, стратегиялық басқару міндеттерін шешу үшін әкімшілікті ақпараттармен қамтамасыз етуі тиіс.

Талдаудың бастапқы пункті, қаржылық шаруашылық қызметтің көрсеткіштерінің өзгеруі бір есеп беруі кезеңі мен екінші кезеңнің сабақтастығы болып табылады. Сондықтан перспективтік талдау үшін қолданылатын бұл ақпараттар қаржылық есептен алынады.

Ұзақ мерзімді болжауды құруды негізі күрделі мәселе деп есептеуге болады. Мұнда екі жағдай қарастырылады: шаруашылық қызметтің тәуекелі мен болжаудың тәуекелі. Тәуекелдің бірінші түрі іскер қызметкерлердің, эксперттердің тартылуы есебінен төмендеуі мүмкін. Тәуекелдің екінші түрін шетелде және өзімізде жинақталған тәжірибені қолдану арқылы, сонымен қатар ЭЕМ көмегімен шаруашылық қызметті көп вариантты ұқсас есептеулер жолымен төмендетуге болады.

Кәсіпорынның банкрот болу мүмкіндігінің тұрғысынан қаржылық жағдайды болжаудың 4 негізгі тәсілін қарастырамыз:

- 1) несие беру қабілеттілігі индексінің есебі;
- 2) формаланған және формаланбаған белгілердің жүйесін қолдану;
- 3) төлем қабілеттілігі көрсеткіштерін болжау;
- 4) қаржылық ағымның құйылуын талдау.

Банкроттықтың ықтималдығын бағалаудың ең жиі қолданылатын әдісі белгілі американ экономисі Э.Альтман ұсынылған Z модельдері. Э.Альтманның көп факторлы моделі кеңінен қолданылады. 1968 жылы ол болжаудың бес моделін ұсынған. Банкрот болған америка фирмаларының қаржылық жағдайын, гүлденіп өсіп келе жатқан кәсіпорындар көрсеткіштерімен салыстыра отырып, олардың банкроттық ықтималдығына байланысты дәрежесін және салмақтық коэффициентін анықтап, бес негізгі көрсеткішті шығарған Э.Альтманның жалпы түрдегі моделі (несие қабілеттік индексі) көрсетіледі

$$(1) Z=1,2+K_1+1,4x K_2+3,3 x K_3+0,6x K_4+1,0 x K_5 \quad (1)$$

Корпорацияның қаржылық жағдайсыздығын сауықтыру әдістері. Кәсіпорынды кризистік қаржылық жағдайдан шығаруға бағытталған тұрақтандыру шаралары жүйесінде оны сауықтыру маңызды роль атқарады.

Сауықтыру – бұл кәсіпорынның қаржы жағдайын жақсарту бойынша шаралар жүйесі, ол кәсіпорынды банкрот деп жаиялаудан немесе оны жоюдан құтқаруға бағытталған шараларды заңды немесе жеке тұлғалардың көмегімен жүзеге асыру. Сауықтыру үш жағдайда жүргізіледі:

- 1) кредиторлар тарапынан банкрот жариялауды бастаудан бұрын кәсіпорын өз еркімен кризистік жағдайдан шығу үшін сыртқы көмек іздесе;
- 2) егер кәсіпорын арбитражды сотқа өз банкроттығын жарияламас бұрын сауықтыру жағдайын ұсынса;
- 3) сауықтыру өткізу туралы шешімді арбитражды сот қабылдаса, кредиторлар талабын орындап, кәсіпорынның бюджет алдындағы қарызын өтеуге дайын адамдардың ұсынысы болса.

Фирманың қаржы жағдайын жақсарту шаралары оқшау және жалпы болып бөлінеді. Оқшау шаралар жеке жақсартуларға, ал жалпы шаралар бүкіл өндірісті сауықтырады.

Сонымен қатар шаралар өте тез мерзімді, қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Ұзақ мерзімді шаралар мерзімсіз, яғни үнемі шараларға айналуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Балабанов И.Т. Основы финансового менеджмента. Как управлять капиталом. – М.: Финансы и статистика, 1995. – 381 с.
- 2 Банкротство. Стратегия и тактика выживания. – М.: СП МЛИ, 1993. – 239 с.
- 3 Бигельдиева З.А. Корпоративтік қаржы. – Алматы: Экономика, 2010. – 150 б.
- 4 Бланк И.А. Стратегия и тактика управления финансами. – Киев, 1996. – 534 с.
- 5 Белолипецкий В.Г. Финансы фирмы. – М.: ИНФРА-М, 1999. – 298 с.
- 6 Бочаров В.В., Леонтьев В. Корпоративные финансы. – СПб.: Питер, 2004. – 592 с.
- 7 Брейли Р., Майерс С. Принципы корпоративных финансов. – М.: ЗАО Олимп-Бизнес, 2003. – 1120 с.
- 8 Ван Хорн Дж. К. Основы управления финансами. – М.: Финансы и статистика, 2003. – 800 с.
- 9 Гитман Л.Дж., Джонс М.Д. Основы инвестирования: Пер. с англ. - М.: Дело, 1997.
- 10 Грачев А.В. Анализ и управление финансовой устойчивостью предприятия. – М.: Финпресс, 2002. – 208 с.
- 11 Джонс Энтони. Деловые финансы. – М.: ЗАО «Олимп–Бизнес», 1998. – 416 с.
- 12 Дүйсенбаев К.Ш., Төлегенов Ә.Е., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау. – Алматы: Экономика, 2001.
- 13 Жариков В.В., Жариков В. Управление финансами. – Тамбов: ТГТУ, 2002. – 80 с.
- 14 Жуйриков К.К., Раимов С.Р. Корпоративные финансы. – Алматы, 2004.
- 15 Игошин Н.В. Инвестиции. Организация управления и финансирования. – М.: ЮНИТИ, 1999. – 413 с.

- 16 Кадерова Н.Н. Корпоративтік қаржы. – Алматы: Экономика, 2008. – 376 б.
- 17 Ковалев В.В., Ковалев Вит.В. Финансы организаций (предприятий). – М.: ТК Велби, Проспект, 2006. – 352 с.
- 18 Коласс Б. Управление финансовой деятельностью предприятия. – М.: ЮНИТИ, 1997.
- 19 Кочович Е. Финансовая математика: Теория и практика финансово-банковских расчетов. – М.: Финансы и статистика, 1994.
- 20 Кох Р. Менеджмент и финансы. – СПб.: Питер, 1999. – 496 с.
- 21 Лембден Дж.К., Таргет Д. Финансы в малом бизнесе. – М.: Финансы и статистика, 1992. – 127 с.
- 22 Мелкумов Я.С. Теоретическое и практическое пособие по финансовым вычислениям. – М.: Экономика, 1996.
- 23 Мельников В.Д., Ильясов К.К. Қаржы – Алматы: Қаржы-қаражат, 2010. – 472 с.
- 24 Никонова И.А. Финансирование бизнеса. – М.: Альпина Паблишер, 2003. – 197 с.
- 25 Пайк Б.Нил. Корпоративные финансы. – СПб: Питер, 2006. – 784 с.
- 26 Росс С. Основы корпоративных финансов.– М.: Дело, 1993. – 128 с.
- 27 Рэдхэд К., Хьюс С. Управление финансовыми рисками./ Пер. с англ. - М.: Инфра - М, 1996. – 288 с.
- 28 Тренев Н.Н. Управление финансами: Учеб. Пособие. – М.: Финансы и статистика, 1999. – 496 с.
- 29 Управление инвестиционным проектом. Опыт IBM. - М.- Инфра – М, 1995.- 208 с.
- 30 Уткин Э.А. Риск – менеджмент. – М.: ЭКМОС, 1998. – 288 с.
- 31 Финансово-экономический словарь / Под ред. акад. М.Г. Назарова. – М.: Финстатинформ, 1995.
- 32 Финансовое управление компанией / Под ред. Кузнецовой В. – М.: Правовая культура, 1995.- 383 с.
- 33 Финансы предприятий / Под ред. Е.И. Бородиной. – М.: Банки и биржи, 1995. –208 с.
- 34 Финансы предприятий / Под ред. Н.В. Колчиной. – М.: Юнити, 1998.
- 35 Финансы предприятий / Под ред. М.В.Романовского. – СПб., 2000. – 528 с.
- 36 Ченг Ф. Ли, Джозеф И. Финнерти. Финансы корпорации: теория, методы и практика. – М.: Инфра – М., 2000. – 686 с.
- 37 Черникова Ю. В., Юн Б. Г., Григорьев В.В. Финансовое оздоровление предприятий: теория и практика.- М.: Дело, 2005.
- 38 Шарп У., Александр Г., Бейли Дж. Инвестиции.– М.: Инфра – М, 2003 – 1028 с.
- 39 Шеремет А.Д., Сайфулин Р.С. Финансы предприятий. – М., ИНФРА-М, 1997.

Қосымша әдебиеттер

- 1 Журнал «Финансовый менеджмент» <http://www.dis.ru/fm>.
- 2 Журнал «Деньги» <http://www.kommersant.ru>.

- 3 Журнал «Финансы и кредит» » <http://www.financepress.ru>.
- 4 Журнал «Финансы» <http://www.dis.ru/>.
- 5 Журнал «Финансовый директор» www.fd.ru.
- 6 Журнал «Управление финансовыми рисками» <http://www.finrisk.ru/>.